

Жалбыр батыр және ұрпақтары

Жалбыр (Байсал) Бөрібай батыр ұлы (1830-1912) - батыр. Тегі- Кіші жүз Алшын-Байұлы-Жаппас-Сумұрын аталағынан.

«Жалбыр» Байсал батыр қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы жерінде өмір сүрген. Батырдың бейіті – белгісіз.

Жалбыр батыр елі мен жерінің азаттығы үшін күрескен.

Жалбыр батыр Бөрібай батырдың қартайған шағында туған.

Жалбыр батырдың әкесі Бөрібай батыр 18 ғасырдың екінші жартысы, 19 ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген. Бізге жеткен азыз-әңгіме, жыр-дастандардан Бөрібай батырдың Сыр бойында өмір сүріп, ерлікке толы өмірін баяндайтын тарихи деректердің аздығы қынжылтады. Сондықтан Бөрібай батырдай енселі ердің ерлік істерін баяндау, зерттеу бүгінгі ұрпаққа парыз.

Жалбыр туғанда өте арық болып туылышты. Әкесі Бөрібай батыр атын Байсал деп қойыпты. Байсал 12 (он екі) жасында атқа мініп, жалбырлап атқа шабатын болғандықтан Жалбыр атанағынды. Бірде Жалбыр батыр жалғыз өзі малын айдалап кеткен Кіші жүздің Тама руынан келген 40 (қырық) барымташының соңынан қуып, ұрысқа кірісіп кетеді. Сол кезде Жалбыр батыр қатты жарапанып, қарыны ақтарылып жерге құлайды. Жалбыр батыр қарынын екі қолымен кезек-кезек басып отырғанда, барымташылар батырдың ер тұлғасына таңданып бұлайша тастап кетуге қимай қатты жыңғылдан ине жасап, жібек белбеуден сұыртпақ жасап, тігуге кіріседі. Сонда қарнының ішкі жарты майы симай қалады. Сонда Жалбыр: «Ішкі көк етінің жарты майын қылышпен кесіп беріңдер жұтып қояйын», - дейді. Барымташылар айтқанын істеп, қарнын тігіп, киіз күйдіріп басып, былғары тоқым салып, байлап береді. Енді барымташылар кетейін десе Жалбыр батыр жібермейді. Батыр зор даусымен інісің шақырады. Артынан келген інісі мен 100 (жүз) шақты Жаппас жігіті келіп барымташылардың адамгершілігіне риза болады. Екі жақ сол жерде келісімге келіпті Осы оқиғаны Сырдария ауданы, Аманкелді аулының тұрғыны Жаппас Жаңғабыл батырдың шөпшегі 1938 жылы туған Сәдуақасов Нұрғали ақсақал растайды.

Кейін Жалбыр батыр талай ұрыстарға қатысады. Батыр туралы Сыр сұлейлері жырларына қосқан.

Ораз жырау жырында:

«Жапастан батыр болып Жалбыр өтті,

Жанғыртып ауазасы жер мен көкті». - деп баяндайды.

Екініші Сыр сұлейі Кеншімбай жырау Қабанұлы (1865-1925):

«Батыр туған Байсалда Ер Жалбыр етті ерлік,

Ерліктің шет жағасын біз де көрдік», - деп жырлаған.

1962 жылы Сыр бойының белгілі ақыны Қуаныш Шәкірұлы Баймағамбетов (1895-1973) «Сымбатты Сырдың сұлу сұлейлері» жырында Жалбыр батырды:

«Жауынгер Жалбыр, Мәмет Сырды жайлап,

Қан төкпей жауын женғен тірі байлап.

Ардақты батырлардың атап атын,

Үлкендер отыратын айтып, сайрап», - деп мадақтаған.

Жалбыр батырлардың Қараөзен деген баласы болған. Одан Орынбек туады. Бөрібай, Жалбыр батырлардан қалған әскери құрал-сайман, ұстанған заттары үрпағында мұра болып қалғаны жөнінде дерек жоқ.

Ахметбек Бақытжан, Қорқым Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкери

Әдебиеттер

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан, Қызылорда облысы Сырдария ауданы Аманкелді ауылшының тұрғыны Жаппас Жаңғабыл батырлардың шөпшегі, 1938 ж.т. Сәдуақасов Нұрғали ақсақалдың әңгімесінен алынды;
2. Т. Дайрабай. «Сырдың сырлы сырь». Алматы: «Арыс», 2005;
3. Қ. Баймағамбетов. «Сымбатты Сырдың сұлу сүлейлері». // Сыр ардагері. 16.07.2008 .